2. Кулагин П.Г. Меж предметные связи в процессе обучения. – М.: Просвещение, 1981. – 96 с.
3. Примерные программы основного общего образования. Математика. – М.: Просвещение, 2009. – 96 с. – (Стандарты второго поколения).

4. Федорец Г. Ф. Меж предметные связи в процессе обучения. Учебное пособие. – Л.: ЛГПИ, 1983.
5. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.– Алматы: РБК, 1995. - 117 б.
6. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2001. - 224 б.
7. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс – ірекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... автореф. – Шымкент, 2006. - 28 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ИНТЕРНЕТ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Муталиева Аяжан Есалықызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақ филологиясы, 2- курс магистранты

Түйіндемe: Мақалада қазіргі қазақ интернет лингвистикасының ұлттық әдеби тілге әсері қарастырылады. Технологиялар бұрынғыдан да жылдам дамып келе жатқан дәуірде әлеуметтік желілердің тілдік мәдениетке әсері қазақ тіл білімінде мұқият зерттелуі тиіс. Интернетке шығарылған кітаптар мен баспалардың өнімдері тілдің тазалығын сақтауға айтарлықтай әсер етті. Әр сөз өз орнында болуы және грамматикалық және стилистикалық талаптарға жауап беруі маңызды. Белгілі болғандай, мұнда әлеуметтік желілердегі жеке жазбаларға редакторлық, корректуралық бақылау жүргізілмейді. Шын мәнінде, веб-пайдаланушылардың тілді пайдалану мәдениеті де әртүрлі. Интернеттегі грамматикалық қателер, ауызекі сөйлеу элементтері, екі тілді аралас пайдалану туралы маңызды проблемалар бар. Сонымен қатар, толғандыратын проблемалар - бұл түпнұсқалық дыбыстарды қолданбау, нақты сөздердің орнына смайликтерді жіберу, сөздердің қысқартылған дыбыстық композицияларының жиі соқтығысуы, олардың емлесін дұрыс білмеу. Интернет пайдаланушыларының қазақ тіл білімі нормаларын сақталмауы жастардың сауатсыздығына әкелуі мүмкін.

Тірек сөздер: Интернет, лингвистика, грамматика, жаргон, диалектика, коммуникация

THE STATE OF THE MODERN KAZAKH INTERNET LINGUISTICS

Mutaliev Aiazhan

Al-Farabi Kazakh National University

Master of Kazakh Philology

Abstract: The article considers the impact of modern Kazakh Internet linguistics on the national literary language. In an age when technology is developing faster than ever before, the influence of social networks on language culture should be thoroughly studied in Kazakh linguistics. The books and products of publishing houses released before the adoption of the Internet, were always reviewed by editors and proofreaders. It had a significant impact on maintaining the purity of the language. Obviously, it is important that each word is in place and meets grammatical and stylistic requirements. As is well known, there are not carried out editorial, proofreading control of individual entries in social networks. This closely depends on each person's own taste for the word. In essence, Web users' culture of using the language is also diverse. There are noted essential questions about grammatical mistakes in the Internet, elements of conversational speech, mixed-use of two languages. In addition, questions that excite, are non-usage of original sounds, forwarding emoticons instead of real words, frequent encounter of abbreviated sound compositions of words, ignorance of spelling of conjunctions. Noncompliance of Kazakh linguistics norms by Internet users can lead to illiteracy of young people.

Keywords: Internet linguistics, grammar, jargon, dialectic, communication

Бүгінгі күні Интернет немесе жаһандық желі тек ақпаратты жеткізу құралы ғана емес, сондай-ақ дүние әлеміндегі адамның бағыт-бағдарын айқындап отыратын маңызды құралдардың бірі болып саналады. Соған сәйкес адам өмірінің қарқынды ырғағына үнемі сәйкес болып отырады. Адам желі арқылы пайдалы ақпараттарды аша алады, өмірлік серігін, саяхатқа шығатын жолсерігін табады, ұтымды сатып алу, сату әрекеттері болады, жұмыс жасап пайда табады, әскери келіміс-шарт жасайды, әйгілі немесе танымал болады, қызығушылық мүдделері ортақ жандармен сұхбаттаса алады т.б. Адамның осылайша

желілер әлеміне еніп, ықпалдасуы, тікелей қатыстылығы әртүрлі білім саласындағы зерттеушілердің қызығушылығын оятпай қоймады.

Жалпы Интернет дегеніміз – компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығы, бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио, жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген тарабы интернет деп аталады.

Тілімізге әрқашан болатын әртүрлі құбылыстар алдымен ауызекі тіл негізінде танылады, себебі ол қоғаммен, әлеуметтік өмірмен тығыз байланысты. Сондай-ақ жазбаша сөздің және ауызекі тілдің ара қатынасын анықтау, яғни тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын, айырым тұстарын анықтау сынды көптеген проблемаларды сөз етуге болады. Осындай мәселелердің бірі «интернет тілі» проблемасы.

Қазақ тілінің, ана тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы. Технологияның өркендеген заманында әлеуметтік желілердің тіл мәдениетін дамытудағы әсері қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелуі тиіс. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының ажырамас сенімді серігіне айналып үлгерді. Сан түрлі тақырыпты қозғау үшін де, әртүрлі заттарға жарнама жасау үшін де, тіпті толғандырған мәселе жөнінде көпшіліктің ойын білу мақсатында көпшілік осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Еліміздегі ең белсенді әрі кең тараған «ВКонтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» және т.б. әлеуметтік желі пайдаланушыларының көбейгені соның бір дәлелі. Желілердің белсенділігі артқанымен, жазу және сөйлесу тілі өте төмен деңгейде.

Белгілі тілші-ғалым Мәулен Балақаев: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» деген екен. Осы сөзге ден қойсақ, академиктің бұл пікірі, әрине, ауызша және жазбаша сөз қолданушыларға да тікелей қатысы бар.

Ғаламтор желілеріндегі грамматикалық қателіктер де көзге жиі ұшырасатын болып жүр. Сақтанбасақ, тілге деген салғырттық, немқұрайлылық осындайдан басталады. Желілерде пікір алмасқан азаматтар осыдан біраз жылдар бұрын бір-бірінің қате жазуларына ескерту жасап, түзету туралы ұсыныстарын білдіретін еді, қазір мұндайды көп кездестіре бермейсіз. Сірә, қателіктерге көз жұма қарауға бой үйретіп алғандаймыз. Ал сонда тіліміздің тазалығын, мөлдірлігін келесі ұрпақтарға қалай жеткізбекпіз? Ойланатын мәселе аз емес.

Бүгінде ғаламтор қолданушы жастардың қолданып жүрген сөздеріне назар аударсақ, ол былай болып өріледі (жақша ішінде мағынасын қоса келтіреміз): «батан» (оқымысты), «тормозы ұстау», «зависать ету» (бөгеліп қалу), «базар жоқ» (таңғалғанда айтылатын сөз, келіскенді білдіру), «құлаққа лапша ілу», «құлақтан тебу» (өтірік айту), «маяк тастау», «скидовать ету» (қысқа қоңырау), «крышасы бар адам» (қолдау көрсететін адамы бар), «көзбен ату» (қадала қарау), «потеря болу» (қобалжу), «сушняк» (сусын), «қораға кіру» (тығырыққа тірелу), «лақтырып кетті», «отырғызып кетті», «қоянның суретін салып кетті» (алдап кетті) және т.б. Осы сарындағы жаргон сөздерді әлеуметтік желілерден де жиі кездестіреміз. Сондай-ақ бұл қатарға: «лайк басып тұр», «онлайн эфирге шық», «игнорға тығып таста», «блокқа түсіп қалмасын», «видеозвонок жаса», «қанша подписчигі бар?», «поделиться етші» және т.б. сөздерді қосуымызға болады.

Ауызекі сөйлеу тілінің элементтері болып табылатын жаргон, диалектизм, варваризмдер де жиі ұшырасады. Белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі сәнге айналған заманда жаргон сөздердің қолданыс аясы да кеңейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Мысалы, мамбет (артта қалған адам), гламурно (сәнді) тәрізді сөздер, шоу-бизнес, жарнама, тауар және

қызмет көрсету салаларында көптеп кездеседі. Мысалы: «Воооообще жок ко!», «Ол супермен ғой!», «Гламурно все таки, ия», «Мен саған звоондаған едим жоксин ғой», «Конешно мен ренжимин саған», «Ойланшы осыған дурыстап» секілді сөздерде қандай мән-мағына бар? Біріншіден, сауатсыз, көрер көзге дәрекі, естір құлаққа түрпідей тиеді. Тағы да бір мысал келтіре кетейік: «Бүгін боласың ба? Болам. Колбағымды акелдін бе? Ұмытыппын..... кешірші аааааааааа.....» деп жазыпты бір желі қолданушы. Осындай жазбалар самсап тұр. Мектеп оқушылары жиі қолданатын орысша жаргон сөздер: кореш (дос), кент (сәнқой жігіт), мареха (қыз бала), нарик (наркоман), кладовка (сөз тасушы), тыркатся (сенделіп бос жүру), ботать (сәнді жаргон тілінде сөйлеу), чайники (әке-шеше). Тілдің көркемдік стилі жоғалып барады. Тіпті бұлар қазіргі жастар арасында «тұрақты сөз тіркестеріне» айналып кетті десек, артық айтпағандығымыз. Ал кейбіреулер тіл тазалығына қатысты «әлеуметтік желілердегі сленг сөздердің тілімізге енуі заңдылық, тіл пайда болған әлеуметтік құбылыстарға үнемі бейімделіп отырады, бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей қолданысқа ене бермейді» деген уәж айтады.

«Балалар көбінесе интернет пен телефон арқылы сөйлеседі. Әлем классиктерінің шығармаларын білмейді. Соның кесірінен балалар орфография мен жалпы грамматиканы нашар меңгереді» деген пікір кәсіби қазақ тілі жойылып кету қауіпін тудырады. Өйткені әлеуметтік желілер адамды мәдениетті сөйлеу ғана емес, мәдениетті ойлау мүмкіндігінен де айырады. Бұл әсіресе оқушылардың шығарма, диктант жазған сәтінде байқалады.

Жазушы Ә. Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды... Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды... Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар», - дейді.

Жалпы сөйлеу тілінде боп (болып), кеп (келіп), бересашы (бересалшы), кеші (келші) тәрізді дыбыстық құрамы жағынан қысқарған бірліктер де қолданылады. Бір байқағанымыз көптеген адамдар -да, -де, -та, -те шылауларының жазылу формасын білмейді. Қай жерде бірге, қай жерде бөлек жазылатынына мән беріп жатқан олар жоқ. Әйтеуір айтайын деген ойын жеткізсе болды. Фейсбук желісіндегі жазбаларды оқып отырып кейбір адамдардың сауатсыздығына қарап, іштей қынжыласың. Аталған желі қолданушылары «Менде сені жақсы көремін», «Сендеде жоқ қой ол», «Бізгеде айта салшы», «Сендерменде, оларменде бармаймын» тәрізді қарапайым сөздерді сауатты жаза да алмайды.

Зиялы қауым өкілдерін алаңдатып отырған тағы бір мәселе – әлеуметтік желіде қазақ тілінің қ, ғ, ң, ә, і, ү, ұ, ө тәрізді төл әріптерінің сирек қолданылып, мағынасыз хмммм, мммм деген сияқтыларды жиі жазып, тірі сөздердің орнына смайликтерді жіберу әдетке айналғандай. Көпшілік адамдардың ұялы байланыс телефондарында, планшеттерінде қазақша қаріптер жоқ. Бірақ ғаламтордан ұялы телефондарға арналған арнайы бағдарламаны жазып алуға болады. Өкініштісі, біздегілер оны жазып алуды қиынсынады. Ал компьютермен желіде отыратын адамдар көп жағдайда қазақ әріптерін орыс қаріптерінде бар таңбалармен алмастырып немесе латын қаріптеріндегі таңбалармен жазады. Мысалы, «салем», «калайсын?», «озин?», «не жаналык?», «нестеп жатсын?», «жаксы», «кайдасын?» деп жазу үйреншікті жағдайға айналғалы қашан?! Бұл салғырттық па, әлде сауатсыздық па?

Жаргондардан бөлек жастардың әрбір сөзінен орыс тілінің компоненттерін де байқауға болады. Мысалы, копировать ету – көшіру, сохранить ете сал – сақтап қой, удалить ет – өшір, комнатамдамын – бөлмедемін. Орыс тіліне еліктеп, сөздерді қос тілде араластырып айтатындар да, жазатындар да көп арамызда. Өз туған тілінде жарытып сөйлемей, өзгенің тіліне жармасқандарға не дерсің?

Келесі үлкен мәселе: орфографиялық және пунктуациялық қателер, ауызекі тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуы. Мұндай қателіктер интернет қолданушыларының арасында бұрыннан қалыптасқан жағдай болғандықтан, оны өзгерту де қиын. Бірақ бұған көз жұмып қарауға мүлдем болмайды. Өйткені ғаламтор

пайдаланушылар қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтамауы жастардың сауатсыздыққа бой үйретуіне әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Ғаламторда әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін еместігі түсінікті.

Әлеуметтік желілердегі хаттар мен жазбалардың кейбірінен дауысты дыбыстарды таба алмайсың. Жылдам хат жазу үшін сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстарды тастап кету – нағыз грамматикалық қателік. Осыған бой үйретіп алған жастардың ертеңгі күні орфографиялық ережелерге бағынбай кетпесіне кім кепіл?! Сөздерді бөлек, бірге, жартылай бөлек жазу (дефис арқылы) ережелері де назардан тыс қалып жататынын көріп жүрміз. Бұл олардың қол және көз дағдыларына әсер етіп, сауатты жазу дағдысын жояды. Әлеуметтік желі коммуникациясында сөйлеу тіліне жақын құрылымдар көп қолданылады, яғни сөздің тұлғасын өзгертіп кең жазу да етек алып келеді. Біріншіден, жіктік жалғауды түсіріп жазу: отырм – отырмын, ұйқтайм – ұйықтаймын, билмейм – білмеймін, егер сөз жалпыға түсінікті болса, дауысты дыбыстарды түсіріп жазу: кдрп – қыдырып, мсқ – мысық, сөзді жөнсіз қысқартып қолдану: раха – рахмет, см – сәлем, сб – сау бол, шетелдік сөздерге қазақ тілі жалғауларын қосып қолдану: каксын?, плизбен (please) сойлессейши, сөзді орфоэпиялық норма бойынша таңбалау: не істеватсын (не істеп жатырсың?), дийұана (диуана), барат, келет, бошы (болшы). Сонымен қатар, ғаламтордағы кейбір жазбалардан тыныс белгілерді мүлдем таба алмайсың. Ал енді бірі сөйлемнің басын, адамның атын үлкен әріппен жазу деген ережені мүлдем ұмытқан.

Кейбір мамандардың айтуынша, ғаламтордағы қарым-қатынас тіліндегі біз атап өткен қателіктердің орын алуы заңдылық екен. Ғаламтор тілі тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Оның басты ерекшелігі де осында. Чаттағы орфографиялық және пунктуациялық қателер, ауызекі тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуының барлығы ғаламтор коммуникацияға тән сипат. Форум, блог, электронды хат түріндегі ақпарат жеткізу түрінде жоғарыда аталған құбылыстың орны ерекше. Желілер қарым-қатынасында орфография ережелерінің бұзылуы белгілі бір норманың бұзылуы болып саналмайды. Немесе сұхбаттасушысына қатысты құрметтемеушілік, сыйламаушылық болып табылмайды, - дейтіндер де бар. Бұл пікірмен келісе қою қиын.

Бүгінгі күні қазақ тілді сайттардың саны артты. Бірақ бұл интернет қолданушы жастардың сауаттылық деңгейін көтеруге толыққанды көмектесе алған жоқ. Жалпы, ғаламтордағы сауаттылық мәселелеріне бейжай қарау қазақ тілінің болашағына орасан зор қауіп төндіретіні анық. Уақыт өте келе интернет арқылы өзгеріске ұшыраған тіл мәдениетінің нормалары бұзылып, жаппай сленг, жаргон тәрізді дисфемизмдермен ластануы мүмкін. Интернетте тілдік норманы бұзып қарым-қатынас жасау тілдесушілердің тілдік санасында «бұрыс графикалық портреттің» қалыптасуына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жайық пресс. Медиахолдинг Тегтер: Надежда Ескалиқызы Әлеуметтік желі тілінді бұзбасын 23.11.2015
2. anatili.kazgazeta.kz. «Әлеуметтік желідегі сауатсыздық». Мақала авторы: А.Жұмашев
3. «Егемен Қазақстан»2018ж. 14 ақпан 6 бет. «Тілді сақтау - ұлтты сақтаудың кепілі» мақала авторы: Орынкүл Асанқызы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДА ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ.

PhD Садыкова Дамежан
оқытушы Садыкова Марияш
оқытушы Садыкова Динура
Алматы қаласы
Қазақстан

Түйіндеме: Туризмнің дамуы халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салалары ретінде әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Мақалада Қазақстандағы тарихи ескерткіштер мен мәдени мұралардың экотуризмнің қалыптасуы мен дамуына әсері, туризмнің ерекше нысандары тарихи орындар мен тарихи ескерткіштердің нысандарын қорғау, экологиялық ластанудың алдын алу мәселелері мен экотуризмді дамыту бағыттары қарастырылды. Қазақстандағы тарихи ескерткіштер, күмбездер, мұражайлар, тарихи қалалар мен археологиялық ескерткіштер мен рекреациялық ресурстарының тарихи маңыздылығы мен ерекшеліктерін айқындау, мәдени мұрамызды дамыту қорғау арқылы ұлттық ерекшеліктерімізді әлемдік деңгейде мәртебесін қорғау бағыттары мен табиғат қорғау заңдары, ұлттық туризм саласын дамытудағы жобалары мен тәжірибелері айқындалып болашақта еліміздегі танымдық экотуризмін дамытуда пайдаланатын әдістері мен тиімді жолдары көрсетілді. Қазақстанның тарихи нысандары мен рекреациялық ресурстары, экологиялық туризм нысандарын пайдалану, экотуризмді дамыту арқылы еліміздегі экологиялық, экономикалық мәселелерді шешу, экотуризм саласын аймақтық деңгейде дамыту мүмкіншіліктері, еліміздегі тарихи нысандардың экотуризмді дамытудағы бағыттары, жобалары, әлемдік тәжірибелерді пайдаланудың салыстырмалы әдістері мен экотуризмді дамытудың статистикалық, ғылыми болжау әдістері айқындалды.

Кілттік сөздер: экология, экотуризм, тарих, қорған, мазарлар, рекреация, мұражай, археологиялық орындар, табиғат ресурстары, рекреациялық аймақтар, күмбез, кесене, ерекше қорғалатын аймақтар, туризм.

THE INFLUENCE OF HISTORICAL MONUMENTS AND CULTURAL HERITAGE ON THE DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL TOURISM IN KAZAKHSTAN

PhD Sadykova Damezhan
Kazakh National Women's Pedagogical University
senior lecturer Sadykova Maryash
senior lecturer Sadykova Dinura,
Almaty city.Kazakhstan

Abstract: Tourism development is urgent problem of global level as one of the main dynamic sectors of the world economy. The article examines the impact of historical monuments and cultural heritage in the formation and development of eco-tourism, protection of special tourist facilities, historical sites and monuments, the prevention of environmental pollution and trends in the development of ecotourism. The article defines the historical importance of historical monuments in Kazakhstan, domes, museum, historic towns and archaeological sites, and recreational resources and to determine their characteristics, methods of protection of national characteristics in the global level through the development, protection of cultural heritage and the laws of nature protection, projects and experiences in the development of National tourism and shows methods and effective ways used in cognitive development of

ecotourism in our country in the future. Economic problems are solved through the development of eco-tourism through the use of historic sites in Kazakhstan and recreational resources, objects of ecological tourism. The article describes the development of eco-tourism opportunities in the regional level, the directions of development of eco-tourism historical sites in the country, the projects of the comparative method of using international experience and scientific forecasting, statistical methods ecotourism.

Keywords: *ecology, ecotourism, history, castle, cemetery, recreation, archaeological sites, natural resources, recreational areas, museums, dome mausoleum specially protected areas, tourism.*

Тарихи-мәдени мұралар экологиялық танымдық бағыттағы туризм түрі. Оған тарихи ескерткіштер, мүсіндер, мұражайлар, тарихи ғимараттар, ежелгі қалалар мен елді-мекендер біршама ежелгі ескерткіштер. Оларға мешіттер, храмдар, шіркеулер, ғибадатханалар жатады. Қазіргі кезде діни бағыттағы ескерткіштердің маңыздылығы жатады. Әрбір тарихи орын мен мұралардың өзіндік ерекшеліктері мен мәдениеті, өркениеті айқындалады.

Тарихи-мәдени ескерткіштер;

- археологиялық ескерткіштер;

- табиғи ескерткіштер;

- тарихи қалалар, елді-мекендер;

- мұражай, театр, өнер орталықтары;

- ғылыми және техникалық кешендер;

Мәдени архитектуралық ескерткіштер - б.з.д адамдар діни тәуап ету, экскурсиялық, мемлекеттің мәдени нысаны ретінде өнер және құрылыс архитектурасын тану мақсатында саяхат жасайды.

Архитектуралық ескерткіштер - б.з.д сақталған ғимараттар, театр, кітапханалар, ғимараттар, архитектуралық ескерткіштер.

Археологиялық ескерткіштерге қорған, суреттер, ежелгі тас мүсіндер, кен орындары, ежелгі қала орындары.

Этнографиялық ескерткіштер - этнографиялық жәдігерлер, тарихи және өлкетану мұражайлары, ұлттық ерекшеліктер мен салт-дәстүрі сақталған орындар, яғни ұлттық болмысты айқындайтын әрбір аймаққа байланысты әдет-ғұрыптарды қамтиды.

Халық колөнері- халықтардың ежелгі қолдан жасалған колөнері, құрал-саймандары, өнер бұйымдары жатады.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік – экскурсиялық саяхаттардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік - экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол.

Археологиялық - тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петроглифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Аңырақай тауының Таңбалы сайындағы, Көксу өзеніндегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады. Біздің дәуірімізге дейінгі 6 – 3 ғасырлардан қалған сақ қорғандары, Бесшатыр қорымындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген “Алтын адам”, 2001 – 2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Бергіел (Берел) қорғанында табылған “Сақ патшайымы” археол туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық

Түркістан, Отырар, Тұрбай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, т.б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады. Қазақ даласы қаншама ғасырлық тарихи шежіреге бай өлке. Оңтүстіктегі тарихи қалалар Отырар, Тараз, Аққорған, Құлан, Қарнақ, Аркук, Баласағұн, Құмкент, Мерке, Сауран, Сарайшық, Созақ, Талғар, Сығанақ, Түркістан, Ұлы Жібек жолы, тарихи шежіреге бай кесенелер Қожа Ахмет Иасауи, Домалақ ене, Арыстан – баб, Айша Бибі, Бабаджа – қатын, Баба –Ата, Қошқар Ата, Қожа Толығ, Қарахан, Көккесене, Бесік тас, Ақыртас, Ақсүмбе мұнарасы, Аққорған, «Алтын адам», орны, Күлтөбе, орталықтағы Жошы хан кесенесі, Аяққамыр күмбезі, Алаша хан кесенесі, батыстағы Шақпақ - Ата кесенесі, Шопан – Ата, Ерсары қайрағы, Есен – Ата қорымы, Сұлтанепе орны, Асан қамалы, Белеулі керуен сарайы, Сислем – Ата қорымы, Бекет – Ата, Құрманалы әулие, Ұзынбас қамалы, Көне, Қашаған, Артық, Ағатай, Бейсенбай, Айтман, Шойынбай, Көне, Өрнекті, Үстірт, Нұрберген Қалышұлы, Омар күмбездері, Құлыптастар, Жұбан тамы, Сағана тамы, Асанқожа Нұрмұхамедтің сағана тамы, Доғы апа, Қарағышты - әулие, Жамбауыл, Сейсем – Ата, Бейнеу, Қамысбай, Масат Ата қорымдары мен Сандықтам, ескерткіштер мен 360 әулие күмбездері, Шығыстағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уалиханов, тарихи ескерткіштер мен күмбездер, солтүстіктегі тарихи шежіреге толы табиғат ескерткіштері Оқжетпес, Жұмбақ тас, Жалмауыз кемпір, Ұйқыдағы ару, Биші орман, Жасыбай көлі т.б. мен тарихи орындар басқа жерде кездеспейтін өздеріне тән қайталанбас қасиетке, тарихқа бай екендігі айқын. Еліміздегі тарихи – мәдени мұраларымызды қайта қалпына келтіру, жаңа заманға лайықты архитектуралық эстетикалық талғамға сәйкес жаңарту, туристердің демалыс, тынығу, саяхаттау жұмыстарын, ұйымдастыратын экотуристік қызмет көрсету кешенін дамыту үшін жарнама жұмыстарын жүргізу, тарихи құндылықтарымыз туралы ақпарат жұмыстарын жандандыру, еліміздің тарихи – құнды естеліктері, шежірелері туралы білімдерін жетілдіру, патриоттық тәрбие беру арқылы экотуризмді дамыту жұмыстары жаңарту қажет. Тарихи – мәдени мұраларымыз ерекше қорғауға алынып, танымдық, діни, іскерлік мақсатта пайдалануымыз қажет.

Тарихи қалалар - Қазақстандағы тарихи қалалар II - XVI ғасырға дейінгі Азия мен Еуропаны, Батыс пен Шығысты жалғастыратын көпір Ұлы Жібек жолының пайда болуымен қалыптасты. Еуропа мен Азия арасындағы сауда, керуен жолдарының пайда болуымен жол тораптарында қалашықтар, саудагер, көпестер демалып, тынығатын орындар қалыптасты және олар ірі қала орталықтарына айналды. Атап айтсақ оңтүстіктегі Отырар, Тараз, Аққорған, Құлан, Қарнақ, Аркук, Баласағұн, Құмкент, Мерке, Сауран, Сарайшық, Созақ, Талғар, Сығанақ, Түркістан қалалары. Тарихи қалалар қазіргі кезде еліміздің өткен ғасырлардағы тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарын өз қойнауларына сақтап қалған тарихи-мәдени мұралар. Тараз – қазіргі Жамбыл қаласының орнында болған көне қала. VII – VIII ғасырда ол Ұлы жібек жолында орналасқан сауда және қолөнер орталығына айналған. Мұнда оңтүстік күміс кендері мен терістіктегі қимақтарға баратын керуен жолдар тоғысатын. X ғасырдағы араб географы Әл – Макдиси *«Тараз – ірі бекіністі қала, бақтары көп, халқы тығыз, қала сыртына терең ор қазылған, төрт қақпасы және төңірегінде елді мекендер бар. Қаланың орталық бөлігіне кірер қақпа алдынан үлкен өзен ағады өзенің арғы бетінде тұрғын үйлер, өзеннен өтер өткелдері бар. Мешіт базарлар арасына салынған»* дейді. Тараз қазіргі Тараз қаласының орнына орналасқан. Құлан-Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданындағы ортағасырлық қала. Құлан орта ғасырларда Ұлы Жібек жолындағы ірі мәдени сауда орталығы болған. Құмкент – ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстандағы Шолаққорған ауданынан 30 км жерде орналасқан. Саудакент ауданына баратын жолдың бойында. Құмкент араб деректерінде кездесетін Құмкент қаласының орны. Ол 13 – 14 ғасырларды Таластан

Сайрамға қарай созылған керуен жолы бойындағы ірі сауда орталығы болған. Қазіргі уақытта қаланың қираған орны төбеге айналған. Арқайым- Қазақстандағы Оралдан Ертіске дейін созылып жатқан далалық белдеудегі ең ежелгі қалалардың іргетасы қала дәуірінің басында (бізден бұрын 1800 – 1600 жылдары) қаланған. Осындай қалалардың бірі Арқайым. Ол Қостанай мен Челябинск облыстарының шекарасында орналасқан. Арқайым қаласының екі қатар шеңбер түріндегі қорғаныс құрлыстарымен қоршалған. Шеңберленіп тұрғызылған осы екі қабырғаның арасына тұрғын үйлер салынған. Арқайымның қала болғандығының тағы бір дәлелі – жан – жағындағы елді мекендерді металл өнімдерімен, керамикамен қамтамасыз етіп отырғандығы. Қалада көптеген қалаөнершілер – ұсталар, темір қорытушылар, құмырашылар өмір сүрген. Соңғы жылдары Арқайым секілді ежелгі қалалардың орнындағы қазба жұмыстары Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында жүріп жатыр. Сол жерден Арқайымнан да ерте өмір сүрген ежелгі Кент елді мекені табылды. Баласағұн – Шу алабындағы ежелгі түрік қақпасы. Әр кезде Батыс түрік, Қарлұқ қағанаттарының, Қарахан, Қарақытай (Қаракидан) мемлекеттерінің астанасы болды. X – XI ғасырда Орта Азияның бірқатар хандықтарын жаулап алған Қарахан мемлекетінің тұсында Баласағұнның аты көбірек әйгілі болды. Созақ – ежелгі қаланың орны. Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының оңтүстік шетінде орналасқан. Қала 13 ғасырдың жазба деректерінде Хұзақ деген атпен аталады. Ал 16 ғасырдан бастап Созақ деген атпен белгілі. Созақтың бұрынғы орны Тарсатөбе деп аталады. Ол биіктігі 20 метр мұнаралы дуалдармен қоршалған. Созақ (Хұзақ) көне қамал қаласында «Хан мазары» деген қасиетті жерде Әбілқайыр, Жәнібек хандардың сүйектері жатыр. Арқуқ – орта ғасырдан сақталған көне қала орны. Қызылорда облысы Сырдария өзенінің төменгі ағысының батысында 6 – 7 км жерде орналасқан. Отырар-V– XV ғасырларда Отырар Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталық, Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды. Отырар – бес – бұрыш тәріздес төбе. Түркістан, Иассы – Қазақстан Республикасындағы тарихи қала Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының орталығы. Сырдарияның ең жақ жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Қаланың іргетасы бұрынғы заманда 1 – мың жылдықтың орта шенінде қаланған. Түркістан қаласының айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері – Шоқтас, Қосқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Мерке ауданы – Жамбыл облысының оңтүстік әкімшілігіне 1929 жылы құрылған. Мерке ғибадатханасы – орта ғасыр түркілерінің мәдени ғұрыптық кешені. Жамбыл облысы Мерке ауданы, Мерке ауылынан оңтүстікке қарай 38 км. жерде, өзі аттас өзен бастауындағы биік тау шоқысында орналасқан. Нәтижесінде ерте қола дәуірінің ескерткіштері: кешенді обалар, жартас сүреттері, тас мүсіндері, жазулы тақталар анықталып, Аралтөбе, Қашқасу, Сандық, Ұлысай, Шайсандық сайларында орналасқан мемориалдық кешендер құрылымының әр алуан түрлері зерттелді. Ғибадатханаға тән ескерткіштер еркек және әйел тас мүсіндерінен тұрады. Сайрам, Испенжаб, Исфиджаб – ортағасырлық қала. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Сайрам кентінің оңтүстік – батысында, Шымкент қаласының шығысына қарай 12 км жерде орналасқан. Сарайшық – XIII – XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды бекеттердің бірі Хан Ордасы болған орта – ғасырлық қала. Қазақстандағы тарихи-мәдени мұралардың ең маңызды бөлігі *кесенелер*. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа аманат болып келе жатқан тарихи мұралардың ішіндегі кесенелердің орны ерекше. Өйткені кесенелер, халқымыздың елім деп өткен ұлы тұлғалары мен қойнауына тарихи оқиғалардың қыр-сырын сақтап келген құнды тарихымыз бен мәдени құндылықтарымызды ашып көрсететін мәдени-тарихи мұралар. *Абай кесенесі* - 1996 жылы салынған сәулет өнері ескерткіші. Шығыс Қазақстан облысының Абай

ауданы Жидебай қонысында ұлы ақынның туғанына 150 жыл толған мерейтойында ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейінде атап өту іс-шаралары қарсаңында орнатылды. Кесенеде «өзінді танығаның, хақты танығаның» деген Қожа Ахмет Яссауидың сөзі жазылған. Арыстан Баб кесенесі – көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған Арыстан Баб ата қабірінің басына салынған. *Абат – Байтақ кесенесі* – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Талдысай кентінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жердегі Абат – Байтақ қорымының негізін құрайтын XIV – XV ғасырлардың сәулет ескерткіші. Ағаш ою дәстүрінде және өсімдік өрнектермен безендірілген құлыптастар ерекше назар аударады. Себебі мұның бәрі сол кездегі тас қашаушылардың шеберлік деңгейінен көрсетеді. Қошқар Ата – Сарыағаш аудандағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Аудан орталығы – Сарыағаш қаласынан оңтүстік батысқа қарай 30 км жерде, Келес өзенің оң жағалауында орналасқан. *Қошқар Ата кесенесі* – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Ақ кесене – жаугершілік заманда тұрғызылған соғыс мұнарасы. Ақ кесененің түбінде камал – қала болған. Құлаған қаланың іргесіндегі биікте қарауыл мұнарасы Ақ кесене бүгінгі күнге дейін жеткен. Көне Тараз құландысы- XIII ғасырдың басында Хорезмшах Мұхаммедтің әскері мен қарақытай Таянғу қолы арасында қырғын соғыс болды. Қаланың қорғаныс қабырғалары мен соғыс мұнаралары қирады. Билік ордасы құлады. Қаласы құландыға айналды. *Бесік тас*- Оңтүстік Қазақстан облысында Шілтер ата деп аталатын таңғажайып бір киелі жер бар. Онда әр түрлі жан – жануарлардың бейнесіне ұқсайтын тастар ансамбілі, Нұх пайғамбардың ошағы, Адам ата мен Хауа ана тасы, Бесік тас кездеседі. Олардың бәрі дерлік өзіндік тылсым қасиеттерге ие. *Айша бибі кесенесі* – сәулет өнері ескерткіші. 12 ғасырда салынған Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айша бибі ауылында орналасқан. Қазақстан ғалымдарының экспедициясы зерттеген. Қарахан әулеті кезеңінде сәулет өнері жоғары дәрежеге көтеріліп, тұтастай қызыл кірпішпен қалақ тастан салынған құрылыстар ірге көтерді. Бұлардың қатарында Бабаджы қатын кесенесі. Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі бар. Қазақстандағы терең тарихи тамырлары бар *тарихи ескерткіштер* танымдық және тарихи мәліметтер беретін тарихи-мәдени мұралар. Биік күмбездер мен таңбалы тастар, қорымдар, мазарлар тарихымыздың құндылығымен мәдениетін, археологиялық сәулет өнерін әлемге әйгілі етуші мұралар. *Аяққамыр күмбезі* - 12 ғасырдың соңындағы сәулет өнері ескерткіші. Қарағанды облысы Жезді кентінен солтүстік – батысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. *Жошы Хан күмбезі* – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы т.б.) қатысқан. Жошы хан күмбезі республикада маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекет тізіміне енгізілген. *Алаша Хан күмбезі* – орта ғасыр ескерткіші Қарағанда облысы Ұлытау кентінен 18 км жерде, Қатарал өзенінің Солтүстік жағасында орналасқан. Алаша хан күмбезі – Ұлытаудағы сәулет өнерінің ескерткіші. *Қорқыт ата ескерткіші* – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының түбінде орналасқан. Бұл ескерткіш кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады. *Қозы Көрпеш – Баян Сұлу* ескерткіші – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу қабіріне тұрғызылған дың тектес мазар. Семей облысы, Аякөз аудандағы Таңсық селосында таяу, Аякөз өзенінің оң жағалауында. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу ескерткішінің жанында тас мүсіндер болған. *Батыс Қорған*-ел ауызында Маңғыстаудың бойында 360 әулие барлығы айтылады, бәрі де, баршасы да тірлікте болған, олар өзінің өскен ортасында ел-жұртына

қалтықысыз қызмет еткен дегенге саяды. Әрқайсысының өзіне тән қайталанбас қасиет ерекшелігі болғаны да аян. Әр жердің тұрғылықты халқына ежелден таныс тарихи – мәдени ескерткіш – белгілер бар. Әсіресе Маңғыстау өңірінде осындай ескерткіш – белгілі – «киелі орындар» жиі кездеседі. *Шақпақ – Ата* – Шиліқұдық жеріндегі жартастан қашалып жасалған жер асты мешіті. Ол шамамен 9 – 10 ғасырдағы сәулет өнері ескерткішіне жатады. Шақпақ – Атаны жергілікті тұрғындар киелі орын ретінде қадір тұтып қастерлейді. Мұнда Абай руының бірқатар танымал перзенттері жерленген. Шақпақ Ата мемлекет қарамағындағы ескерткіш – қорым болып есептеледі. *Шопан – Ата* – Маңғыстау мен Хорезм арасындағы керуен жалының бойына (түбектің оңтүстік – шығыс жағында) орналасқан ескілікті сәулет өнерінің ескерткіші. Оның доғадай иіліп келген тау жынысының солтүстік – батыс жағынан тұрғызылған жер асты мешіттері бар. Бұл 10 – 137 – жылдағы озық үңгідегі ғимараттар тобына жатады. Шопан – Ата – әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті. Ол 12 ғасырдың 2 – жартысында өмір сүріп, ел ішінде мұсылмен дінін уағыздаған әулие адам. Шопан – Ата тұрғызған жер асты мешіт пен қорым ел ұғымында киелі, қасиетті орын саналады. *Сұлтан ене* – ел аузында сақталған деректе дәйегіне қарағанда Құл – Сүлейменнің немересі. Оның есімі ел ішінде «Бахрған» жазбасының иесі, сондай – ақ су апатына тап болғандардың қорғаны ретінде де белгілі болған. Сұлтан ене қорымы ел басына түнеп әулие тұтып қастерлейтін, ескілікті орын есебінде сақталып келеді. *Есен – Ата* – Шетпеден Жетібайға баратын Үлкен қара жолдың шығыс жағында орналасқан қорым. Ол Бекі елді мекенінен Жетібайға көтерілетін биік жолдың үстінде. Қорым пәлендей көп емес. Батыс жағынан бар. Әдетте жергілікті тұрғындар Есен – Атаның бейітіне келіп зират етеді, мешітіне барып түндейді. Қорым мемлекеттік есепке алынған. *Бекет – Ата* – 1750 – 1813 жылдары өмір сүрген, кезінде діни білім алған, ел ұғымында әулие адам. Ол Жем бойында, Бейнеуде мешіт салдырған. Бекеттің соңғы мекені саналатын Оғыланды тауындағы мешіті 1777 – 80 жылдары тұрғызылған. Бұл күндері ол елдің көп баратын, зиярат етіп, түнейтін бірден – бір киелі орын болып табылады. *Құрманалы Әулие* – Шетпеннің шығыс жағындағы Қаратаудың күнгей бетінде Шоң деп аталатын жердегі бейіт. Оңды ауылындағы әулиенің ұрпақтары мешіт тұрғызып, бейітін күтімге алды әрі басына белгі қойды. *Бекбаулы – Ата* – шамамен 187 жылда өмір сүрген, Бекет атамен қатар өскен адам. Бейіті қазіргі Қуйбышев атындағы кеңшардың Ұланак деген жерінде. Бекбаулы Адайдың Шоңай руының ұрпағы, ел құрметтеген айтулы сынықшы. Ұрпақтары басына күмбез тұрғызып, белгі қойған. *Сабынды Әулие* – Маңғыстау ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесіне қарасты Қарабарактының оңтүстік жағына орналасқан ескілікті қорым. Топырағы кәдуіл қасиеті күні бүгінге дейін сақталып келеді. Жергілікті тұрғындар осы қорым топырағының ерекше қасиетіне қарай оны «Сабынды әулие» деп атаған. Ал ескі қорымға келіп түнеушілер қай кезде де аз болмаған. *Сонабай әулие* – Адайдың Мұналынан тараған Ескелді тайпасының перзенті. Шамамен 187 жылдың 2 – жартысында өмір сүрген, қасиет дарыған кісі болған. Оның сүйегі қойылған бейіті маңында жер асты мешіті құрылысының орны сақталған. Қазіргі Маңғыстау Ақтөбе ауылдық кеңесінің жерінде орналасқан. *Масат – Ата* – Маңғыстау жайындағы тарихи жазбаларда айтылатын белгілі орын. Ақтөбе ауылдық кеңесіне қарасты Жарма елді мекенінің шығыс жағынан 10 – 15 км қашықтықтағы қара жолдың бойына орналасқан ескілікті қорым. Осында Масаттың намаз оқитын мешіті сақтаулы. *Саназар әулие* – қазіргі Форт – Шевченко қаласына 35 км қашықтықтағы киелі орын. Саназар Адайдың Тобыш, оның ішінде Жаңайдың малын бағады. Бай Саназардың бойындағы ерекше қасиетік аңғарады да оған арнайы еншісін беріп, алдына отау көтереді, сөйтіп өзімен тең дәрежеде ұстайды.

Ежелгі *Аралтөбе қорымы* – Атырау облысы, Жылой ауданындағы Құлсары ауылының солтүстік шығысында, 65 шақырымдай қашықта жатыр. Ал барша қазаққа

белгілі «Бекет Ата - Ақмешіт» культтік – мемориалдық кешенінен оңтүстік батысқа қарай небары 6 – ақ шақырым жерде. Бұл ескерткіш үш үлкен үйінді қорғаннан тұрады. Онда тастан соғылған құрылыстар да бар. *Алтын Адам* (б.з.б. 57) – Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақта жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. *Жамбыл Жабаев кесенесі*-Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында орналасқан, тарихи және мәдени мекеме. Мұражай Қазақстан үкіметінің шешімімен қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев тұрған үйде 1946 жылы ұйымдастырылды. Кесене 1970 және 1996 жылдары қайта жөнделіп, ақ мәрмәрмен қапталған. *Жамбауыл қорымы* – Ақтау – Қаражамбас жолы бойындағы 55 шақырымдағының шығыс жағынан 3 км-дей қашықтықта орналасқан. Қорым 300 – ден астам әр түрлі және әр кездегі құрылыстар мен қойылымдары қамтиды. Шамамен ол 187 жылда пайда болған. Бұл ескерткіштер адай шеберлерінің іскерлігін көрсетеді. Қорым мемлекет қорғауында. *Ұлы Жібек Жолы* – сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, б.з.б. 2 ғасырдан 16 ғасырға дейін Орта Азия мен байланыстырады. Чжань Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде б.з.б. 2 ғасырда ашылды. Терең тарихи тамырлары бар, еліміздегі тарихи-мәдени мұралардың экотуризмнің танымдық бағытын дамытудағы маңызы үлкен.

Қазірдің өзінде қазақстанда 904 туристік маршруттар белгіленеді, соның ішінде мәдени- танымдылық -111, Ұлы Жібек Жолы бойынша - 67, хикаялы-59, қажылық турлар-20. Осыдан көріп отырғанымыздай тарихи-мәдени бағыттағы танымдық туризм маршруттары туризмнің басқа бағыттарымен салыстырғанда көп екендігін атап айту қажет емес. Әлемдік деңгейдегі экотуризмнің жан-жақты дамуына бағыттаушы туризм емес, туризмнің дамуына мемлекеттің қоғамдық деңгейі әсер етеді.

Қазақстандағы туристік бизнес, үлкен бағытта дамығандығына қарамастан, елдің табиғи және мәдени ресурстарына нашар бағдарланғандығын атап өтпеуге болмайды. Осының салдарынан отандық туризмнің төмендеп, шетелдік туризмнің басымдылық жасауына әсер етуде. Қазақстан жері көне кездерден Қытай мен Еуропа арасындағы байланысты қамтамасыз еткеніне жүз жыл бойы Ұлы Жібек жолы бойындағы көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болғандығына қарамастан, еліміздің экотуристік бағытта белгісіз болып қалуы ойландырмай қоймайды. Қазақстандағы тарихи және мәдени мұраларды жандандыру арқылы экотуризмді дамыту:

- 1.Туризм табысының ұлғаюына;
- 2.Тарихи құндылықтарымызды сақтап, қорғауға;
- 3.Туристік қызмет көрсету кешендерін ашу арқылы жұмыссыздық проблемасын шешуге;
- 4.Халықаралық қатынастың нығаюына;
- 5.Бәсекеге қабілетті экономика мен мемлекетті дамыту үшін;
- 6.Шетелдік валютаның енгізілуі мен экспорт, импорт өнімдерін тасмалдауға;
- 7.Тарихи мұраларымыз арқылы халқымызды әлемге таныту; т.б. мүмкіншіліктерді дамытуға әсер етуде. Ол үшін;

- Тарихи мұраларымызды эстетикалық талғамға сәйкестендіріп қайта жөндеуден өткізу;

- архитектуралық көркемдігін әлемдік деңгейге жеткізу;
- туристік қызмет көрсету кешендерін дамыту;
- туризм мамандарын әлемдік стандартқа сәйкес даярлау;
- көлік тораптарын жақсарту, жөндеу жұмыстарын жасау;
- экологиялық жағдайын қалпына келтіру;
- елді-мекендердегі жергілікті халықтардың туризм саласы үшін білімін дамыту;
- жас ұрпақты тарихи құндылықтарды сақтауға баулу, тәрбие беру жұмыстары қамтылуы тиіс;

- Ұлы Жібек жолында орналасқан тарихи қалалар мен жол тораптарындағы қызмет көрсету кешендерін дамыту;
- жергілікті халықтың эстетикалық талғамы мен мәдениетін жоғарлату қажет

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.С.Р.Ердаулетов.Проблемы и перспективы казахстанского туризма.Алматы,1997г
- 2.Ю.С.Путрик. Туризм глазами географа.Алматы.2001г.
- 3.Белусова Л.С. Охраняемые природные территории: нац парки, заповед.Москва.
- 4.Природные ресурсы и охрана окружающей среды в РК. Алматы 1994г.
- 5.А.В.Чигаркин. Памятники природы Казахстана. Алматы, 1980г.
- 6.Н.Н.Дублицкий. Туристские маршруты по Казахстану.Алматы, 1985г.
7. Карпова Г.А. Экономика современного туризма. - 2001.

KARAKAYA BARAJ GÖLÜNÜN ALANSAL DEĞİŞİMİ

SIZE CHANGE OF KARAKAYA DAM LAKE

Prof. Dr. Mehmet TIRAŞ

Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Coğrafya Bölümü

Bayram KANÇUK

Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Coğrafya Bölümü Yüksek
Lisans Öğrencisi

ÖZET

Doğal kaynaklar içerisinde yer alan su canlılar için hayati bir öneme sahiptir. Su seviyelerinde zaman içinde gerek beşerî gerekse doğal nedenlerden dolayı değişimler meydana gelmektedir. Özellikle; son zamanlarda etkisini daha fazla hissettiğimiz küresel ısınma sonucunda su seviyesi ve alansal değişim önem arz etmeye başlamıştır. Su kaynaklarının izlenmesi, korunması ve kullanım koşullarının değerlendirilmesinde klasik yöntemlerin yanında Uzaktan Algılama ve Coğrafi Bilgi Sistemleri teknolojilerinden de yararlanılmaktadır. Su kaynaklarında meydana gelen zamansal değişimlerin belirlenmesinde, Coğrafi Bilgi Sistemleri ve Uzaktan Algılama teknolojileri önemli avantajlar sağlamaktadır. Zaman ve maliyet açısından önemli katkıları olan Uzaktan Algılama ve Coğrafi Bilgi Sistemleri aynı zamanda bilgiye ulaşmada ve karar verme noktasında da birçok avantajı barındırmaktadır.

Bu çalışmada Malatya ilinde yer alan Karakaya Barajı'nın 2000, 2005,2010,2015,2019 yılları arasında meydana gelen alansal değişiminin Uzaktan Algılama ve Coğrafi Bilgi Sistemleri teknikleri ile incelenmesini konu almıştır. Karakaya Barajı; Atatürk ve Keban Barajı'ndan sonra ülkemizdeki üçüncü büyük baraj gölüdür. Aynı zamanda Türkiye'nin 2. büyük Hidroelektrik Santralidir. Bölge ve ülkemiz için önemli bir baraj gölüdür. Bu çalışmada barajın yıllar içerisinde alansal değişimini belirlemek için Landsat 4-5 TM ve Landsat 8 OLI uydu görüntüleri kullanılmıştır. Uydu görüntüleri belirlenen yılların temmuz ayında alınmıştır. Bütün görüntülerin aynı ay içerisinde olması baraj alanında yaşanan mevsimsel durumların minimize edilmesini sağlamıştır. Bu görüntüler Arcgis 10.4.1 programında kontrolsüz sınıflama metodu ile sınıflandırılıp tematik haritalar üzerinde alansal değişim belirlenmiştir. Çıkan sonuçlar yıllar arasında karşılaştırma yapılarak tablolar halinde çalışmaya eklenmiştir.

Anahtar Kelimeler: Karakaya Baraj Gölü, Alansal Değişim, Uzaktan Algılama, Landsat

ABSTRACT

The water in the natural resources is vital for living things. Changes occur in water levels over time due to human and natural reasons. Especially; As a result of global warming, the effect of which has been felt more recently, water level and areal change have started to be important. In addition to classical methods, Remote Sensing and Geographic Information Systems technologies are also used in monitoring, protecting and evaluating the usage conditions of water resources. Geographical Information Systems and Remote Sensing technologies provide important advantages in determining the temporal changes in water resources. Remote Sensing and Geographic Information Systems, which have important

contributions in terms of time and cost, also have many advantages in accessing information and decision making.

In this study, the subject of the study of the area change in Karakaya Dam located in Malatya province between 2000, 2005, 2010, 2015 and 2019 with Remote Sensing and Geographic Information Systems techniques. Karakaya Dam; It is the third largest dam lake in our country after Atatürk and Keban Dam. At the same time Turkey's 2nd largest Hydroelectric Power Plant. It is an important dam lake for the region and our country. In this study, Landsat 4-5 TM and Landsat 8 OLI satellite images were used to determine the area change of the dam over the years. Satellite images were taken in July of the determined years. The fact that all the images were in the same month enabled the seasonal conditions in the dam area to be minimized. These images are classified by the uncontrolled classification method in Arcgis 10.4.1 program and areal change is determined on thematic maps. The results are compared between the years and added to the study in tables.

Keywords: Karakaya Dam Lake, Area change, Remote Sensing, Landsat

GİRİŞ

Doğal kaynaklar, toplumların kalkınması ve hayatlarını idame ettirmeleri için tarih boyunca en önemli rolü üstlenmiştir. Dünya nüfusu her geçen gün artmakta ve buna bağlı olarak ihtiyaçlarda artmaktadır. Dünya nüfusunun her geçen gün hızla artması ve toplulukların ihtiyaçlarının çeşitlilik ve miktar olarak artması doğal kaynaklara olan talebi ve üzerindeki baskıyı da artırmıştır. Gelişen teknoloji ve endüstrileşme doğal kaynaklara etki eden bir diğer etkidir. Bunun yanında özellikle etkisini daha fazla hissettiğimiz küresel ısınma, doğal kaynaklar üzerinde doğrudan bir etkiye sahiptir. Tüm bunlar insanoğlunun ve diğer canlıların hayati faaliyetlerini sürdürebilmeleri için ihtiyaç duydukları doğal kaynaklara etki etmekte ve zarar vermektedir. Gelecek nesillere yaşanılabilir bir çevre bırakmak için doğal kaynaklar bilinçli bir şekilde tüketilmeli ve korunmalıdır.

Doğal kaynaklar içerisinde yer alan ve tüm canlıların hayatlarını sürdürmeleri için gereksinim duyduğu su, geçmişten günümüze hep en önemli doğal kaynak olmuştur. İnsanlar sudan farklı şekillerde yararlanmaktadır. Ve su üzerinde bazı yapılar inşa etmektedir. Bu yapıları inşa ederken sudan yararlanmak, sudan korunmak veya suyu korumak gibi amaçlar taşıtmaktadırlar. Yeryüzünün %70'i suyla kaplı ve bu suyun %96,5'ini okyanuslar oluşturmaktadır. Bu oranın çok az bir bölümü tatlı suyu oluşturmaktadır. Ülkemiz su bakımından sınır komşularına göre biraz daha iyi bir konumdadır. Özellikle; Güney Doğu bölümünde Irak, Suriye, İran gibi ülkelerle karşılaştırıldığında ülkemiz bu konuda şanslıdır.

Dünya üzerinde insanlar sudan daha fazla yararlanmak için üzerine barajlar inşa etmektedir. Ve bu barajlardan içme, sulama ve sanayi suyu gibi olanaklar sağlamaktadır. Bunun yanında balıkçılık ve hidroelektrik enerji imkânı da sağlamaktadır. Barajlar, ülkemiz için önemi bir alandır. Ülkemizin fiziksel koşulları ve nehirleri baraj yapımına olanak sağlamaktadır. Barajlar bölgesel olarak birçok avantajı içinde barındırmaktadır. Tüm bunların yanında yapılan bir barajın korunması ve sürdürülebilirliği için bir dizi önlem ve takip etmek büyük önem arz etmektedir.

Çeşitli sebeplerden dolayı dünyadaki baraj göllerinde seviye değişimleri meydana gelmektedir. Bu sebeplerin bazıları yağış, sıcaklık ve buharlaşma gibi iklim elemanlarıdır. Küresel ısınma ve bilinçsiz tüketim de baraj göllerinde seviye değişimlerini meydana getirmektedir. Barajda yıllar içerisinde meydana gelen seviye değişimleri barajın alanını da etkilemektedir. Barajların seviye ve alan değişimlerinin belirlenmesi ve takip edilmesi önemli bir husustur çünkü hızlı

önlem almak ve doğacak etkilerini azaltmak bu takibin yapılmasına bağlıdır. Aynı zamanda gözlenen alansal değişim yapılacak planlamaya büyük katkısı olacaktır.

Baraj ve göllerde meydana gelen seviye ve alan değişimini belirlemek için klasik yöntemlerin yanında, uzaktan algılama ve coğrafi bilgi sistemleri de kullanılmaktadır. Uydu görüntüleri sayesinde geçmişten günümüze doğru meydana gelen alansal değişim belirlenebilmektedir. Gelişen bu teknoloji ile hızlı bir şekilde alansal değişim belirlenmekte ve planlama hızlı bir şekilde yapılabilmektedir.

Bu çalışmamızda Karakaya Baraj gölünün 2000,2005,2010,2015 ve 2019 yılları arasında meydana gelen alansal değişimi konu alınmıştır. Alansal değişim belirlenirken; uzaktan algılama ve coğrafi bilgi sistemleri teknolojisi kullanılmıştır. Alansal değişim belirlenirken; mevsimsel koşulların etkilerini en aza indirmek için tüm uydu görüntüler aynı ay içerisinde seçilmiş olup temmuz ayından alınmıştır.


Uzaktan Algılama

Dünyada Ülkeleri, gelişme düzeyleri arttıkça, kendi kaynakları hakkında daha geniş bilgileri kapsayan yeni teknolojik girdilere gereksinim duymaktadırlar. Doğal çevre içerisindeki ilişkilerin önemli bir bölümünün dinamik nitelikte olması, bunların davranışlarını gözleyebilmek için sürekli olarak yeni bilgilerin ve verilerin elde edilmesi konusuna büyük önem kazandırmaktadır. Havacılık ve uzay teknolojilerindeki gelişmeler, doğal çevre ile ilgili sorunların çözümü için yeni ufuklar açmıştır. Uzaktan Algılama adı verilen bir yöntemle havadan ve uzaydan elde edilen görüntülerin yorumlanması sonucu, yeni ve sürekli bilgi üretimi olası hale gelmiştir. (Özgül,2003)

Uzaktan algılama; yer yüzeyinden belli uzaklıkta atmosferde veya uzayda hareket eden platformlara yerleştirilmiş ölçüm aletleri veya cihazlarla nesnelere veya objelere fiziksel temasta bulunmadan yeryüzünün doğal ve yapay objeleri hakkında bilgi alma ve değerlendirme sistemidir.

Uzaktan Algılamanın Yapılabilmesi İçin

